Кредиттер және қарыздар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Резидент еместерден алынған, оның ішінде ҚР Үкіметі кепілдік берген кредиттер бойынша есептің күндегі жағдай бойынша берешек	Берешекті есептің күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешектің есебіне негізгі борышты игеру және өтеге сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ кредиттер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді. ҚР Үкіметі кепілдік берген берешек есебіне негізгі борышты игеру және өтеге сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Кредиттер және қарыздар. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді
Сауда кредиттері және аванстар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.	Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша есептің күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы кредиторлық берешек.	Берешекті есептің күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешек есебіне кредиторлық берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ сауда кредиттері бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сауда кредиттері және аванстар. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді, қысқамерзімді.
Басқа да міндеттемелер. Қысқамерзімді	Басқа да қысқамерзімді борыштық міндеттемелер бойынша	Берешекті есептің күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа

«Қазақстан Республикасының стандарттық көрсетілігі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестициялық позициясы: Стандарттың көрсетілігі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
	есепті күндегі жағдай бойынша резидент еместер алдындағы өтелмеген берешек.	Берешек есебіне қысқамерзімді берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да қысқамерзімді борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	міндеттемелер. Басқа секторлар. Қысқамерзімді
Басқа да міндеттемелер. Ұзақмерзімді.	Сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары бойынша, сондай-ақ басқа да Ұзақмерзімді борыштық міндеттемелер бойынша есепті күндегі жағдай бойынша резиденттер алдындағы өтелмеген берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешек есебіне сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік бағдарламалары бойынша ұлғаю және азаю сомалары; Ұзақмерзімді берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ басқа да Ұзақмерзімді борыштық міндеттемелер бойынша сыйақы есептелген, алайда төлеуге жатпайтын берешек кіреді.	Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Сақтандыру және зейнетақы бағдарламалары және стандартты кепілдік бағдарламалары. Басқа секторлар. Басқа инвестициялар. Міндеттемелер. Басқа міндеттемелер. Басқа секторлар. Ұзақмерзімді.

Тікелей инвестициялар: фирмааралық берешек (Басқа секторлар)

Шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы міндеттемелер	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы берешек.	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бағам бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарықында сатып алу және эмитенттің өтөу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстанның тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей
Шетелдік тікелей инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелер (көр инвестациялау)	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық	Берешекті есепті күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бағам бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстанның тікелей инвестициялау кәсіпорындарының шетелдік тікелей

«Қазақстан Республикасының стандарттық көрсетілуі» кестесінің көрсеткіштері	Берешектің ауқымы	Есепке алу ерекшеліктері	«Қазақстан Республикасының халықаралық инвестиациялық позициясы: Стандарттың көрсетілуі» кестесінің тиісті көрсеткіштері
	міндеттемелер бойынша шетелдік тікелей инвесторлар алдындағы берешек.	сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	инвестициялау кәсіпорындары алдындағы міндеттемелері (көрінген инвестициялау).
Шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелер	Басқа секторлар шығарған борыштық бағалы қағаздар бойынша; кредиттер және қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша шетелдік тел инвесторлар алдындағы берешек.	Берешекті есептің күні қолданылатын нарықтық бағам ¹ бойынша долларлық баламаға қайта есептеу. Берешекті бағалау үшін бағалы қағаздардың (БҚ) нарықтық құны пайдаланылады. Берешектің есебіне резидент еместердің бастапқы және қайталама нарықтарда БҚ сатып алу сомалары, резиденттердің оларды қайталама нарығында сатып алу және эмитенттің өтеу сомалары, сондай-ақ бағамдық өзгерістер кіреді. Кредиттер мен қарыздар, сауда кредиттері және аванстар, басқа да борыштық міндеттемелер бойынша берешек есебіне берешектің ұлғаю және азаю сомалары, бағамдық өзгерістер, сондай-ақ есептелген, алайда төлеуге жатпайтын сыйақы бойынша берешек кіреді.	Тікелей инвестициялар. Міндеттемелер. Борыштық құрал. Қазақстан кәсіпорындарының шетелдік тел кәсіпорындар алдындағы міндеттемелері.

¹ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандагы № 99 бұйрығымен бекітілген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» 3-тармағына сәйкес.

Теңгенің бағамын түзету талаптарымен Қазақстанның экспортты

Қ.Б. Қожамқұлов – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің бас маманы

Экспортты әртаратандыру мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болып табылады, ал осы міндетті шешуге арналған талаптар соның ішінде бағам саясатымен де айқындалады. Осы жарияланымда дайын тауарлар тобын шоғырландыруды бөле отырып, теңгенің номиналдық және нақты айырбастау бағамдарының серпінімен салыстырып экспорттың, оның ішінде өндөлген тауарлар құрылымының өзгерістеріне талдау жүргізілді.

Статистикалық есептеулерді жүргізу үшін БҰҰ-ның Статистикалық комиссиясы әзірлеген Ауқымды экономикалық санаттар (бұдан әрі – АЭС) жөніндегі сыныптаушы қолданылады, ол осы сыртқы сауданы шикізат және өндөлген тауарларға бөлуге мүмкіндік береді. АЭС сыныптаушысы Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметтің тауарлар номенклатурасымен (ЕАЭО СӘҚТН) үйлестірілген және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті шикізат және өндөлген тауарлар экспорттың есептеу үшін ресми түрде қолданады.

Қазақстанның экспортында болып жатқан өзгерістерге бағам саясатының ықпалы әртүрлі нүктelerден цилиндрге деген көзқарасқа ұқсас: астынан шеңбер ғана көрінеді, бүйірден тек төртбұрыш көрінеді. Біреулер теңгенің еркін өзгермелі болуынан экспортерлер үшін он факторларды, басқалары тек теріс сәттерді көреді. Мұның бәрі біртекті емес қофамдық қабылдауды қалыптастырады.

Энергия ресурстары бағасының құлдырауы және импорт тараپынан қысым аясында экономикалық ахуалды тұрақтандыру және отандық тауар өндірушілерді қорғау мақсатында 2015 жылғы тамызда Қазақстанда кейіннен теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамына өте отырып, валюталық дәліздің күшін жою туралы шешім қабылданды. Осы шешімнен кейін болған бағамды түзету импорттың өсуін ғана шектеген жоқ, сондай-ақ Қазақстанның экспорттың құрылымына нақты ықпал етті.

Осы жарияланымның мақсаты – пайдаланушыларға өтіп жатқан процестердің он және теріс жақтарын дербес бөлуге және бағам саясатының экспорттың құрылымдық өзгерістеріне салымының маңыздылығын бағалауға мүмкіндік беретін объективті

статистикалық және талдау ақпаратын ұсыну.

Бағамды түзетудің экспорттың серпініне ықпалын бағалау мақсатында, үш 12 айлық кезең таңдап алынды, олар көрсеткіштерді салыстыру кезінде маусымдық ауытқулар факторын ескермеуге мүмкіндік береді:

- 1-кезең (Базалық кезең): 2013 жылғы қыркүйек - 2014 жылғы тамыз аралығы – мұнайдың жоғары бағасымен және бағамның экспортқа бейтарап ықпалымен сипатталатын базалық 12 ай;
- 2-кезең (бағамды түзетуге дейінгі кезең): 2014 жылғы қыркүйек - 2015 жылғы тамыз аралығы - 2015 жылғы тамызда теңгенің бағамын түзеткенге дейін 12 ай, мұнай бағасының төмендеу және теңге бағамының құнсыздануын ұстап тұру кезеңі;
- 3-кезең (бағамды түзеткеннен кейінгі кезең): 2015 жылғы қыркүйек - 2016 жылғы тамыз аралығы – 2015 жылғы тамызда теңгенің бағамын түзеткеннен кейінгі 12 ай, теңге бағамының мұнайдың төменгі бағаларына бейімделу кезеңі.

1-кесте

Қазақстан экспортының құрылымындағы өзгеріс

Тауар тобы	Құны, млн. долл.			Өзгерісі (3-кезең 1-кезеңге)	
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	млн. долл.	%-бен
ҚР БАРЛЫҚ ЭКСПОРТЫ	82 338	56 586	36 822	-45 516	-55,3%
оның ішінде:					
Шикізат тауарлары	63 880	40 740	23 803	-40 077	-62,7%
Өндөлген тауарлар	18 458	15 846	13 018	-5 439	-29,5%
оның ішінде:					
аралық тауарлар	14 114	12 331	10 034	-4 080	-28,9%
экспорттың басқа режімдері	1 362	833	551	-811	-59,6%
дайын тауарлар (фокус топ)	2 982	2 682	2 433	-548	-18,4%

Дереккөз: ҚР Қаржыымынан МКК және ҚР ҰЭМ СК ресми статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

Қазақстан экспортының жиынтық көлемі теңгенің бағамын түзеткеннен кейінгі кезеңде (3-кезең) базалық кезеңмен салыстырғанда **45,5 млрд. долл. немесе 55,3%-ға қысқарды** (1-диаграмма).


Экспорт құнының қысқаруы негізінен шикізат экспорттың **40,1 млрд. долл. немесе 62,7%-ға төмендеуі** есебінен болды (1-кесте). Оның ішінде бағаның құлдырауы салдарынан өндөлмеген мұнай экспорты 36,9 млрд. долларға немесе 65,8%-ға, кен және концентраттар – 1,8 млрд. долл. немесе 64,6%-ға, бидай – 0,4 млрд. долл. немесе 38,9%-ға, тас көмір – 0,3 млрд. долларға төмендеді.

Өндөлген тауарлар экспорты базалық 1-кезеңмен салыстырғанда **5,4 млрд. долл. немесе 29,5%-ға төмендеді**.

Бұл ретте төмендеудің негізгі көлемі аралық тауарларға тиесілі, оларды жеткізу 4,1 млрд. долл. немесе 28,9% (14,1 млрд. доллардан 10,0 млрд. долларға дейін) қысқарды, оның ішінде мұнай өнімдерінің экспорты 2 млрд. долл., сұйытылған газ – 1 млрд. долл., ферроқорытпа және жалпақ прокат – 0,8 млрд. долл., алтын – 0,3 млрд. долларға түсті.

Дайын тауарлар экспорты бойынша 548 млн. долл. немесе 18,4%-ға аздал төмендеуі байқалады. Дайын тауарлар – бұл экспортты жылжытуға мемлекеттік қолдау шарапары қолданылатын топтың шоғырлануы. Күндық көлемнің төмендеуі кезінде жалпы экспорттағы дайын тауарлар үлесі 1-кезеңдегі 3,6%-бен салыстырғанда 3-кезеңде 6,6 %-ға жетті (2-диаграмма).


1-диаграмма. Қазақстан экспорттының серпіні (млрд.долл.)



Өндөлген тауарлар экспорттының мынадай уақытша шығарылатын тауарларды және реэкспортты: ұшақтарды, баржаларды, тіркемелерді, жүзгіш маяктарды, компьютерлік техниканы, үялы телефондарды, электрлік бүрғыларды, қозғағыштарды, бульдозерлерді, тракторларды, аяқ киімді және ойыншықтарды (Қытайдан) және басқаларын қамтитын Экспорттың басқа режімдерінің тобы бөліп көрсетіледі. Экспорттың басқа режімдері бойынша жеткізулер 0,8 млрд. долл. немесе 59,6%-ға қысқарды.

Дайын тауарлар тобы 2-кезеңде жеткізулердің нақты көлемінің барынша төмендеуін көрсетті, бірақ одан кейін 3-кезеңде теңгенің еркін өзгермелі бағамға өтуі нәтижесінде базалық 1-кезеңнің деңгейін қалпына келтірді (2-кесте). Мәселен, 3-кезеңдегі дайын тауарлар экспорты базалық 1-кезеңмен салыстырғанда сандық көлемнің (жалпы тоннаждың есебіне орай) 1%-ға, ал 2-кезеңмен салыстырғанда 23%-ға өсімді көрсетті.

2-диаграмма. ҚР экспорттың құрылымы
(млрд. долл., %-бен үлесі)



Дереккөз: ҚР Қаржымині МҚК және ҚР ҰӘМ СК ресми статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

Осымен қатар, аралық тауарлар экспортты жеткізулердің нақты көлемін сақтады, бұл түпкілікті нәтижеде тұтастай алғанда өндөлген тауарлар экспорттың секторы бойынша көрсетілді. Жалпы тоннаждың есебіне орай шикізатқа жатпайтын экспорт 2-кезеңмен салыстырғанда 5%-ға өсуді көрсетti.

Осылайша, өндөлмеген тауарлар экспорттың өсу әлеуеті шикізат

экспорттың төмендеуі аясында Қазақстанның экспортын әртараптандырудың бұрылу нүктесі болуы мүмкін.

Баға факторларының ықпалымен (негізінен бағам саясатымен айқындалатын) экспорттың құндық және сандық құрылымының өзгерістері 3 және 4-диаграммаларда ұсынылған.


2-кесте

Қазақстан экспорттың нақты көлемі


Тауар тобы	Саны, мың тонна			Өзгерісі %-бен		
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	3-кезең 1-кезеңге	2-кезең 1-кезеңге	3-кезең 2-кезеңге
ҚР БАРЛЫҚ ЭКСПОРТЫ	167 048	156 107	141 601	-15%	-7%	-9%
Шикізат тауарлары	149 240	139 303	123 937	-17%	-7%	-11%
Өндөлген тауарлар	17 808	16 804	17 664	-1%	-6%	5%
аралық тауарлар	12 978	12 889	12 858	-1%	-1%	0%
экспорттың басқа режімдері	115	61	67	-42%	-47%	10%
дайын тауарлар	4 715	3 854	4 739	1%	-18%	23%

Дереккөз: ҚР Қаржымині МҚК және ҚР ҰӘМ СК ресми статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

3-диаграмма. ҚР экспорттың құндының индексі
(базалық кезең 1 = 1)



4-диаграмма. ҚР экспорттың нақты жеткізу индексі (базалық кезең 1 = 1)



Дереккөз: ҚР Қаржымині МҚК және ҚР ҰӘМ СК ресми статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

Шикі тауарлар экспорты

3-кезеңде шикі мұнай экспорты 19,2 млрд. долл. немесе шикізат экспорттының 81%-ын (5-диаграмма) және Қазақстанның жалпы экспорттының 52%-ын құрады (базалық 1-кезеңде – 68%). Нақты көлемдердің қысқаруы аясында мұнай бағасының төмендеуі шикізат тауарлары экспорттының серпініне әсер етіп, тұтастай алғанда Қазақстан экспорттының жалпы жағдайына ықпалы неғұрлым жоғары болып отыр. Шикі мұнайдың орташа бағасы (СЭҚТН коды 2709) базалық 1-кезеңдегі 106 доллардан 2-кезеңде 69 долл. дейін және одан кейін 3-кезеңде 41 долл. дейін төмендеді. Осылайша, мұнай экспорттының серпіні баға факторының ықпалымен түсіндіріледі.


Жалпы алғанда, шикізат тауарларының нақты жеткізулері бағамның өзгерүіне неғұрлым тәуелді болып келетін ауыл шаруашылық тауарларының тобын қоспағанда, теріс серпіндегі сипатқа ие (6-диаграмма). Мәселен, 3-кезеңде 2-кезеңмен салыстырғанда астық экспортты бойынша нақты жеткізулердің 30%-ға, арпа 71%-ға және зығыр дәні 2%-ға өскені байқалды.

Аралық тұтыну тауарларының экспорты


3-кезеңде аралық тауарлар өндөлген тауарлар экспорттының төрттен уш бөлігінен астамын (77%) немесе 10 млрд. долл. құрады (7-диаграмма). ҚР экспорттының жалпы көлеміндегі оның үлесі базалық 1-кезеңдегі 17%-дан 3-кезеңде 27%-ға дейін өсті. Аралық өндөлген тауарлар негізінен (99%-ға) 16 өнім түрімен ұсынылған. Олар – металдар (мыс, ферроқорытпалар, прокат, алюминий, мырыш, қорғасын, титан), мұнай өнімдері (қара май, сұйытылған газ), уран, алтын, күміс және электр энергиясы.

Жоғарыда аталып өткендей, аралық тауарлар экспортты құнының базалық 1-кезеңмен салыстырғанда 4,1 млрд. долл. төмендеуі, қуат көздері мен металдарға әлемдік бағалар конъюнктурасының түсі салдарынан, негізінен, баға факторымен шартталған. Мұнай өнімдері мен

5-диаграмма. ҚР шикізат экспорттының құны, млн. долл.
(алғашқы 5 позиция)



6-диаграмма. ҚР шикізат экспорттының нақты көлемі, мың тонна
(алғашқы 5 позиция)




Дереккөз: ҚР Қаржымині МҚК және ҚР ҰӘМ СК ресми статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

сүйытылған газ бағасының төмендеуі жеткізулердің нақты көлемдерінің төмендеуімен күшайтілген болатын, нәтижесінде олардың экспортты 2 млрд. долл. және тиісінше 1 млрд. долл. қысқарды.


Ферроқорытпалар мен жалпақ прокатты экспорттық жеткізулердің нақты көлемдерін қалпына келтіру (базалық 1-кезеңге жиынтық өсу 9%) келісімшарттық бағалардың төмендеуіне байланысты олардың құнының төмендеуін (0,8 млрд. долларға) өтей алмады. Бұл ретте, прокат түрлерін жеткізудің тауарлық құрылымы өзгерді. Алтын экспорттың құнының төмендеуіне (0,3 млрд. долларға) экспорттық жеткізулердің нақты көлемдерінің 4 есе қысқаруы әсер еті. Уран экспорттың құнының біраз төмендеуі де жеткізулердің нақты көлемдерінің біраз төмендеуінің салдарынан орын алды.

Жалпы алғанда, аралық тауарлар экспорттың серпіні мұнайға қатыстыны қоспағанда, жеткізулердің нақты көлемдері өсуінің он беталысымен сипатталады.

8-диаграмма. ҚР аралық тауарлар экспорттың нақты көлемі, мың тонна



7-диаграмма. ҚР аралық тауарлар экспорттың құны, млн. долл. (алғашқы 5 позиция)



Дереккөз: ҚР Қаржы министерстүндік мінистрлік мекемесінің мәдени мемлекеттік статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

Барлығы	Нақты жеткізу көлемі төмендеген тауарлар						Нақты жеткізу көлемінің есу үрдістері бар тауарлар											
	Өндөлгөн тауарлар	Оның ішінде: Аралық тауарлар	мұнай өнімдері	сүйытылған газ	уран	алтын	тантал	жалпақ прокат	ферроқорытпалар	алюминий оксиді	болат фабрикаттар	мыс	мырыш	алюминий	қорғасын	титан	күміс	
1-кезең	17 808	12 978	4 745	2 339	30,651	0,01	0,17	1 938	1 355	994	313	262	281	193	102	6,06	0,94	
2-кезең	16 804	12 889	4 779	2 299	29,102	0,01	0,15	1 961	1 174	1 016	308	317	286	178	109	9,11	1,23	
3-кезең	17 664	12 858	4 335	2 120	29,007	0,00	0,13	2 244	1 330	1 018	533	403	287	210	128	6,89	1,25	

Осылайша, теңгенің әлсіреуі өнделген аралық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін қолдады және олардың нақты көлемдерін қалпына келтіріп қана қоймай, оны арттыруға мүмкіндік берді (мұнай өнімдері мен сұйытылған газды есептемегендеге базалық 1-кезеңге 9%-ға).

Мәселен, күміс, титан, қорғасын, алюминий, мырыш, мыс, болаттан жасалған жартылай өнделген өнімдер, алюминий оксиді, ферроқорытпалар, жалпақ прокат экспорттың нақты жеткізулері артты. (8-диаграмма).

Дайын тауарлар (фокус-топ)

3-кезеңде дайын тауарлар экспортты 2,4 млрд. долл. немесе шикізаттық емес экспорттың бестен бір бөлігін және Қазақстанның жалпы экспорттың 6,6%-ын құрады.

Экспортталатын дайын тауарлардың негізгі тобы – тамақ өнімдері (дайын тауарлар экспорттың 39,5%-ы, оның ішінде ұн, темекі өнімдері, балық өнімдері, сусындар, құнбағыс майы, кондитерлік өнімдер), химия өнеркәсібі мен онымен байланысты салалардың өнімдері (23,3%), машиналар мен жабдықтар (19,2%, оның ішінде жеңіл автокөліктер, аккумуляторлар, подшипники), металдар және олардан жасалған бұйымдар (11,6%).

Жалпы алғанда, Қазақстанның дайын тауарлар экспортты 739 тауарлық позициялармен берілген, олардың ішінде 204 позиция бойынша құндық көлем жылына 1 млн. долл. асады, 300 тауарлық позиция бойынша жылына - 0,3 млн. долл.

Дайын тауарлар өндіру мен экспорттау – бұл, негізінен, шағын және орта бизнес (бұдан әрі - ШОБ) қызметтінің аясы, ол неғұрлым серпінді, алайда көбіне қосымша құндардың халықаралық тізбегіне кірікпегеніне байланысты, сыртқы факторлардың әсері мен валюта бағамының ауытқуларына барынша тез ұшырайды.

2015 жылғы тамызға дейінгі кезеңде (2-кезең), отандық өндірушілер мен ШОБ экспорттаушылары шикізат ресурстарына әлемдік бағалардың түсінен кейін болған

сауда-саттық әріптес елдердің валютасының девальвациясы салдарынан импорттың қысымын қатты сезді. Бұл кезең ішінде дайын тауарлар экспорттың нақты жеткізулері базалық 1-кезеңмен салыстырғанда 18%-ға төмендеген қарқыны мейлінше жоғары болды, ал шикізаттық тауарлар 7%-ға, аралық өнделген тауарлар 1%-ға төмендеген.

Теңге бағамының тамыздығы түзетулері және теңгенің рубльге қатысты пара-парлығының қалпына келтіру дайын тауарлар экспорттың нақты көлемдерін базалық кезеңдегі деңгейге дейін қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Дайын тауарлардың нақты жеткізулері (ортак тоннажбен есептегендеге) базалық кезеңге қарағанда 1%-ға жоғары болды, ал 2-кезеңмен салыстырғанда 23%-ға өскен.

3-кезеңде нақты жеткізулердің өсуі 1-кезеңмен салыстырғанда азық-түлік тауарлардың тобы (12%-ға), химия өнеркәсібі өнімдері (4%-ға), металдар мен олардан жасалған бұйымдар (26%-ға) бойынша байқалды. Дайын тауарлар экспорттың нақты көлемдерін қалпына келтіру және өсуі Қазақстанның дайын тауарлар экспортында он үрдістің бар екендігі туралы қорытынды жасауға негіз береді.

Мысалы, базалық 1-кезеңмен салыстырғанда нақты жеткізулердің өсуімен келесі позицияларды атап өтуге болады: ұн - 11%-ға (2 млн. тоннадан 2,2 млн. тонн. дейін), кондитерлік өнімдер - 20%-ға (16 мың тоннадан 19 мың тонн. дейін), ІҚМ еті - 2,8 есе (808 тоннадан 2,3 мың тонн. дейін), жүзім шарабы - 13 есе (88 тоннадан 1,1 мың тонн. дейін), ірімшік - 2,6 есе, тыңайтқыштар - 15%-ға, дәрі-дәрмек - 2 есеге (құны 24%-ға), жеңіл автомобилдер - 6 есеге (құны 4 есеге), темір құбырлар - 1,5 есе, (құны 10%-ға), алюминий сым - 2,2 есеге, резервуарлар және цистерналар - 1,8 есе, мақта мата - 38%-ға, мақта жіп - 3,3 есеге.

Сонымен қатар, орташа келісімшарттық бағалардың бәсекеге қабілеттілік деңгейге дейін төмендеуі аясында дайын тауарлар экспорттың нақты көлемдерінің өсуі экспорттың

валютамен құнының төмендеуін өтеген жоқ. Дайын тауарлар экспорттың құны базалық 1-кезеңмен салыстырғанда 2,9 млрд. доллардан 2,4 млрд. долларға дейін 18,4% -ға төмендеді.

Қазақстанның дайын тауарларының экспорттың өткізу нарығы 20-дан астам елді қамтиды (10 ел – 78%). Бағам түзетілгеннен кейін (3-кезең) Қазақстанның дайын тауарларының экспортты (2,4 млрд. долл.) негізгі импортер елдер бойынша мынадай түрде қалыптасты:

- 1) Ресей (23,9% немесе 581 млн. долл.). Жеткізілімнің негізгі тауар топтары: машиналар мен жабдықтар (24%, о.и. подшипники, аккумуляторлар, крандар, клапандар және вентилдер, автокөліктер, трансформаторлар және т.б.), металдар және солардан жасалған бұйымдар (23%, құбырлар, сым, радиаторлар, резервуарлар және басқалары), химиялық және соған байланысты сала өнімдері (21%, пропилен полимерлері, пластик құбырлар және басқалары), азық-түлік тауарлары (20%, сусындар, конфеттер, құс және ІҚМ еті және басқалары).
- 2) Өзбекстан (14,1% немесе 344 млн. долл.). – азық-түлік тауарлары (60%, о.и. 152 млн. долларға үн, күнбағыс майы), машиналар мен жабдықтар (24%, оның 40 млн. долларға жеңіл автомобиль), металдан жасалған бұйым (8,5%), химиялық өнімдер (6%). Қазақстан үн экспортты бойынша


әлемде екінші орында тұр (бірінші орында Түркия), және Өзбекстанның үнға деген импорт қажеттілігінің барлығын дерлік жабады. Сонымен қатар, үнді жеткізуді бидаймен алмастыру үрдісі атап өтілді.

- 3) Ауғанстан (12,5% немесе 305 млн. долл.) – азық-түлік тауарлары (95%, о.и. 282 млн. долларға үн), химиялық тыңайтқыш, металдан жасалған бұйымдар және т.б.
- 4) Қырғызстан (8,2% немесе 200 млн. долл.) – азық-түлік тауарлары (56%), химия тауарлары (18%), машиналар мен жабдықтар (7,5%), металдар (6,1%) және басқалар.
- 5) Қытай (4,6% немесе 112 млн. долл.) – машиналар мен жабдықтар (36%, насостар, трансформаторлар), азық-түлік тауарлары (20%, күнбағыс майы, тоңмайлар, кондитерлік бұйымдар, шарап, шоколад, үн және басқалары), металлургия (15%), ІҚМ терісі және басқалары.

Теңге бағамының өзгеруі өндделген тауарлар экспорттына ықпал етуі


Дайын тауарлар экспорттың жартысынан астамы ТМД елдеріне (56,8%), шамамен төрттен бірі Ресей Федерациясы нарығына келеді. Бұл ретте ТМД елдері валюталары бағамының серпіні айтартықтай деңгейде Ресей рублі бағамының өзгеруімен айқындалады.

9-диаграмма. Дайын өнім экспорттың нақты жеткізу және Ресей рублінің теңгеге қатысты номиналды бағамы



Дереккөз: ҚР Қаржы миніні МКК және ҚР ҰЭМ СК ресми статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

10-диаграмма. Дайын тауарлар экспортының құны және Ресей рублінің теңгеге қатысты номиналдық бағамы




Дереккөз: ҚР Қаржымыні МКК және ҚР ҰӘМ СК ресми статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

Дайын тауарлар экспортының көлемі мен Ресей рублінің Қазақстан теңгесіне номиналдық бағамын салыстыру (9 және 10-диаграммалар) экспорт көлемінің құлдырауы Ресей рублінің девальвациясы аясында теңгенің долларға номиналдық бағамын нақты тиянақтау кезеңінде болды. Оның үстіне осы кезеңдерде жеке осындай Ресей тауарлары ішкі нарықта ғана емес, сонымен қатар Қазақстан экспорттының осындай тауарларымен салыстырғанда үшінші елдердің нарығында да анағұрлым бәсекеге қабілетті бола бастады. Яғни дәстүрлі өткізу нарықтарында отандық

экспорттаушылардың логистикалық басымдықтары болмаған кезде Ресей рублі Қазақстан тауарларының ішкі де, сондай-ақ сыртқы да бәсекеге қабілеттілігін айқындаиды.

Өндөлген тауарлар экспорттының теңгенің рубльге қатысты бағамына тәуелділігі негізгі өнім түрлері бойынша байқалады. Теңгенің рубльге тепе-тендігінің сақталуы сыртқы нарықта отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін үлғайтуға, экспорт жеткізілімдерінің нақты көлемін қалпына келтіруге және үлғайтуға мүмкіндік берді, бұл 2015 жылдың екінші жартысынан

11-диаграмма. Теңгениң номиналдық, нақты бағамдарының және дайын тауарлар экспорттың нақты жеткізу индекстері (2013 желтоқсан = 100)



Дереккөз: ҚР Қаржымыні МКК және ҚР ҰӘМ СК ресми статистикасы, ҚРҰБ-нің есептері, ТБВРД

ҚР 2016 жылғы төлем балансы және сыртқы борышы

бастап байқалады.

Теңге бағамы өзгеруінің өндөлген тауарлардың экспорттына ықпал етуін бағалау мақсатында номиналдық және нақты айырбастау бағамдары индекстерімен экспорттың ай бойынша деректерін салыстыру жүргізілді.

11-диаграмма теңге бағамының ауытқуына байланысты түрлі кезеңдердегі экспорттың нақты жеткіzlімінің ай сайынғы ауытқуын көрнекі сипаттайты. 1-кезеңде теңгенің 2014 жылғы ақпандары девальвацияның ықпал етуін бақылайды, бұл дайын тауарлардың экспорттың жеткіzlімдерінің орын алған көлемін сақтауға мүмкіндік берді. 2-кезеңде рубльдің девальвациясы және теңгенің нығаюы салдарынан экспорттың бірден төмендеуі байқалады. 3-кезеңде теңгенің рубльге тепе-тендігінің қалпына келуі және нақты жеткіzlімдердің өсуі байқалады.


Дайын тауарлар экспорттың нақты көлемінің серпіні кебіне теңгенің рубльге номиналдық (корреляция коэффициенті - 0,75) және нақты бағамының индексімен түсіндіріледі. Бұл ретте 2 және 3-кезеңдер үшін 2015 жылғы тамызға дейін және одан кейін корреляция -0,84 жетті. Барлық үш кезеңде долларға қарағанда, теңгенің рубльге номиналдық бағамының

индексімен дайын тауарлар экспорттың нақты жеткізу индексі корреляция коэффициенті жоғары. Сонымен теңгенің рубльге айырбастау бағамының нығаюы кезінде Қазақстан өнімінің қымбаттауы және дайын тауарлар экспорттың төмендеуі байқалады, ал теңгенің рубльге тепе-тендігі қалпына келтірілген кезде олардың экспорттың өсуі байқалады.

Сонымен қатар, дайын тауарлар экспорттың құнының индексінің доллармен корреляциясы тығызырақ, бұл әсіресе 3-кезеңде байқалады (12-диаграмма). Бұл экспорттың құнын бағалаған кезде баға доллар баламасында көрсетілуімен түсіндіріледі.

Жоғарыда жазылғанды қорытындылай келе, қазіргі теңгенің рубльге бағамының тепе-тендігі жағдайда дайын тауарлар экспорттың он үрдісі байқалатынын атап өтуге болады. Мемлекет тарапынан шикізатқа жатпайтын экспортты қолдау, отандық тауарлардың сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін қолдайтын және Қазақстанның экспорттың позицияларын әртараптандыруға мүмкіндік беретін, қолайлы макроэкономикалық ахуал және сараланған валюталық саясат жасаған кезде айтартылғатай әсер етеді.

12-диаграмма. Теңгенің номиналдық, нақты бағамдарының және дайын тауарлар экспорттың құнының индекстері (2013 желтоқсан = 100)



Кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың сыртқы борышы

Қадырбаева Ә.С. – ҚРҰБ Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің бас маманы

Мемлекеттік сектор — мемлекеттің экономикадағы рөліне, пайда алу мүддесіне бағынысты жеке өндіріспен қамтамасыз етіле алмайтын экономика салаларындағы қызмет көрсетумен тікелей байланысты экономиканың секторы. Мемлекет орнықты дамудың материалдық базасы, ұлттық байлықты сақтау кепілі болатын өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның айтарлықтай бөлігін қамтиды.

Мемлекеттік сектордың ауқымы нақты экономикалық жағдайларға байланысты. Мемлекеттік саясаттың маңызы көбіне мемлекеттік корпорациялардың — мемлекеттің бақылауындағы компаниялардың көмегімен іске асырылады. Мемлекеттік кәсіпкерлік, ең алдымен, ірі ұзақ мерзімді инвестициялар талап етілетін немесе стратегиялық мәні бар – энергетика, көлік, байланыс саласында, сол сияқты мемлекеттің қолдауынсыз жұмыс істей алмайтын экономика салаларында жүзеге асырылады. Мемлекеттік сектор өндірістің ауқымын және нарықтың сыйымдылығын кеңейтуге және кәсіпкерлік қызметті дамытуға ықпал ететін мемлекеттік салындардың өсуі арқылы экономикаға ықпал етеді.

Мемлекеттік корпорациялар макроэкономикалық тұрғыдан ықпал ете отырып, сонымен қатар, егер олардың борыштарына мемлекет тікелей немесе жанама кепілдік берсе бюджет тәуекелінің әлеуettі көзі болып табылады немесе мемлекеттің беделі үшін тәуекел тудыруы мүмкін.

Әлемдік қаржы дағдарыстарының тәжірибесі мемлекеттің күш-жігерін жүйелік тәуекелдер және мемлекеттік бюджетке қосымша қысым тұрғысынан неғұрлым мәні бар сыртқы борыштың сегменттеріне шоғырландыру қажеттілігін көрсетті. Мұндай тәуекелдерге

мемлекеттің тікелей және жанама міндеттемелеріне жататын сыртқы берешек жатады. Халықаралық тәжірибе мемлекеттің бақылауындағы компаниялардың оларға мемлекеттің қатысуы себебінен ішкі және сыртқы қарыз алудың айтарлықтай пайдалы шарттарын алады және мемлекет дағдарыстық жағдай туындаған кезде өз тарапынан қосымша қаржылай қолдауды көрсетеді деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің борыштық (оның ішінде сыртқы) міндеттемелеріне қызмет көрсету бойынша артық мемлекеттік шығыстарды болдырмау үшін және бюджетке жасалатын қысым тәуекелдерін бағалау үшін, сыртқы құйзелістер болған жағдайда мемлекеттік басқару органдарының тікелей міндеттемелерін ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік корпорациялардың сыртқы борышына тұрақты мониторинг жүргізу қажет. Бюджеттік тәуекелдерді талдау және басқару үшін ақпараттық-талдамалық негіздер жасау үшін Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік Банк кеңейтілген айқындаудағы мемлекеттік сектордың (бұдан әрі – КАМС) сыртқы борышы бойынша деректерді қалыптастыруды ұсынады. КАМС сыртқы борышының статистикасы елдің борыштық орнықтылығын, бюджетке шартты жүктемелерді және салық-бюджеттік және макроэкономикалық көрсеткіштерді бағалау үшін пайдаланылады.

Бюджеттік тәуекелдерді басқару жөніндегі және борыштық орнықтылықты бағалау жөніндегі міндеттерді барабар және сапалы шешуді қамтамасыз етуге арналған басты факторлардың бірі КАМС статистикасымен қамту үшін мемлекеттік корпорацияларды анықтау болып табылады.

Бюджеттік тәуекелдерді талдау түп мәтінінде мемлекеттік корпорацияларды

анықтау толық мемлекеттік меншігі бар мемлекеттік кәсіпорындармен шектелмей,

кәсіпорындардың қызметін мемлекеттік бақылау үғымына негізделуге тиіс.

Мемлекеттік басқару органдарының корпорацияларды бақылауын анықтауға арналған халықаралық әдіснамалық тәсілдер.

Бақылау корпорацияның жалпы корпоративтік саясатын белгілеу қабілеті ретінде анықталады. «Жалпы корпоративтік саясат» деген сөз тіркесі кең мағынада алғанда нарықтық өндіруші ретінде корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қатысы бар қаржылық және операциялық қызметтердің маңызды қағидаттарын білдіреді. Ұлттық шottар жүйесінің әдіснамасы негізігі сегіз факторды бөліп көрсетеді, олардың біреуінің болуы корпорацияның бақылатының растайды (4.80-тармақ, «Ұлттық шottар жүйесі», ХВҚ, 2008):

1) Дауыс беретін акциялардың көпшілігін иелену. Дауыс беретін акциялардың көпшілігін иелену шешім «бір акция – бір дауыс» қағидаты негізінде қабылданатын кездеңі бақылауды білдіреді. Акциялар тікелей немесе жанама иеленуде болуы мүмкін және басқа барлық мемлекеттік бірліктерге тиесілі акциялар біріктірілуге тиіс. Егер шешім «бір акция – бір дауыс» қағидаты негізінде қабылданбаса, жіктеу басқа мемлекеттік бірліктерге тиесілі акциялардың көпшілік даусы қамтамасыз ететініне не етпейтініне негізделуге тиіс.

2) Директорлар кеңесін немесе басқа басқарушы органды бақылау. Қолданыстағы заңнамада, әкімшілік реттеушілік құжаттарда, келісімшарттарда немесе басқа шаралармен көзделген, кеңес мүшелерінің көпшілігін немесе басқа басқарушы органды тағайындау немесе кері шақыру мүмкіндігі бақылауды қамтамасыз ету ықтимал болады. Ұсынылған тағайындауға вето құқығының өзі егер бұл жасалуға тиіс таңдау мүмкіндігіне әсер етсе, бақылау нысаны ретінде қаралуы мүмкін. Егер директорлардың тағайындалуына басқа орган жауап берсе, мемлекеттік ықпал ету мүмкіндігі түрғысынан алғанда оның құрамын қарau қажет. Егер мемлекеттік орган директорлардың бірінші қатарын тағайындалап, директорлардың орнын ауыстыруды бақыламайтын болса, бұл бірлік бастапқы тағайындау мерзімі аяқталғанға дейін мемлекеттік сектордың бөлігі болады.

3) Негізгі басшыларды тағайындауға және кері шақыруға бақылау. Егер кеңеске немесе басқа басқарушы органдарға бақылау әлсіз болса, бас іс басқарушысы, төраға және қаржы директоры сияқты негізгі басшыларды тағайындау шешуші фактор болуы мүмкін. Іс басқарушылары болып табылмайтын директорлар да, егер олар аға қызметкерлерге ақы төлеуді айқындастын сыйақы мәселелері жөніндеңі комитет сияқты негізгі комитеттердің мүшелері болып табылса, осы талаптарға сәйкес бола алады.

4) Корпорацияның негізгі комитеттерін бақылау. Кеңестің немесе басқа басқарушы органның кіші комитеттері корпорацияның негізгі жедел және қаржылық саясатын айқындаі алады. Осы кіші комитеттерде мемлекеттік сектордан мүшелердің көпшілігі бақылауды қамтамасыз ете алады. Мұндай мүшелік корпорацияның жарғысына немесе басқа реттеуші құжаттарына сәйкес белгіленуі мүмкін.

5) Алтын акциялар және опциондар. Үкімет атап айтқанда енді жекешелендірілген корпорацияның «алтын акциясын» иеленуі мүмкін. Мұндай жағдайларда бұл акция үкіметке қоғамның мүдделерін қорғау үшін кейбір құқықтарды, мысалы, компанияның активтердің кейбір санаттарын сатуға тығым салу жолымен немесе белгілі бір мән-жайлар кезінде айтарлықтай өкілеттіктер берілген ерекше директорды тағайындау жолымен қамтамасыз етеді. Алтын акцияның өзі бақылауды білдірмейді. Егер алтын акция үкіметтің белгілі бір мән-жайлар кезінде корпорацияның жалпы корпоративтік саясатын айқындастынын болжаса және бұл мән-жайлар одан әрі орын алса, мұндай бірлік мемлекеттік секторда осындай мән-жайлар орын алған сәттен бастап болуға тиіс. Белгілі бір мән-жайларда мемлекеттік мекеменің немесе мемлекеттік корпорацияның акцияларын иеленуге опционның болуы жоғарыда талқыланған алтын акциямен оқиғаға үқсас тұжырымдамалық түрғыдан қаралуы мүмкін. Егер опцион іске асырылуы мүмкін мән-жайлар болса, опционның көмегімен сатып алынуы мүмкін акциялардың көлемі және осы операцияның салдары опционды іске асыра отырып мемлекеттік басқару органдарының корпорацияның жалпы саясатын айқындаі алатынын білдіре ме деген мәселені қарастыру қажет. Бірліктің мәртебесі үкіметтің соғыстар, қоғамдық тәртіпсіздіктер және табиғи апаттар сияқты ерекше экономикалық және басқа мән-жайларда емес, қалыпты жағдайларда жүзеге асырылатын корпоративтік саясатты айқындау мүмкіндігіне негізделуге тиіс.

6) Реттеу және бақылау. Осы сынып немесе саланың барлық бірліктеріне жататын реттеу мен жеке корпорацияны бақылау арасындағы жікті айрып көрсету қыын. Үкіметті әсіресе монополия

және жекешелендірлген коммуналдық қызметтер сияқты салаларды реттеу процестеріне тартудың көптеген мысалы бар. Жалпы корпоративтік саясаттан бас тартпай баға белгілеу сияқты маңызды салаларда реттеуді жүзеге асыруға болады. Егер жоғары дәрежедегі реттеу жағдайына іс-әрекет етуді бастау немесе жалғастыру туралы таңдау жасау қажет болса, бұл корпорацияның бақылауда емес екенін білдіреді. Реттеу корпорацияның қалай әрекет етіп, бизнесін жүргізу керектігін іс жүзінде айқындалап беретіндегі қатаң болған кезде ғана ол бақылау нысаны болып табылады. Егер корпорацияның қаржыны қалай алу, кіммен өзара әрекет ету және мемлекеттік сектордың бірліктерімен қалай жұмыс істеу мәселесін өз қалауына қарай шешу мүмкіндігі болса, онда корпорацияның өз корпоративтік саясатын айқындау және мемлекеттік сектор бірлігінің бақылауында болмау мүмкіндігі болады.

7) Үстемдігі басым клиентті бақылау. Егер корпорацияның барлық сатулары мемлекеттік сектордағы бір клиентке ғана немесе мемлекеттік сектордағы клиенттер тобына жүзеге асырылатын болса, онда басым ықпал ету мүмкіндігінің бар екені анық. Жеке секторда аздаған клиенттің болуы әдette корпорацияның шешімдер қабылдау кезінде тәуелсіз екенін білдіреді және, осылайша, корпорация бақыланатын корпорация ретінде қарастырылмайды. Егер мемлекеттік сектордың ықпалынан корпорация мемлекеттік емес сектордың клиентімен жұмыс істей алмайтын болса, онда мемлекеттік бақылаудың бар болғаны.

8) Мемлекеттік басқару органдарынан қарыз алумен байланысты бақылау. Кредиторлар несие беру талаптарын жиі бақылауда ұстайды. Егер мемлекеттік басқару органдары бақылауды кредиттеу тетігін пайдалана отырып орнататын болса немесе ауқатты жеке корпорация банктен ақша алатын жағдайға тән болатын кепілдіктен жоғары кепілдікті талап ететін болса, бұл бақылаудың бар екенін білдіреді. Осы сияқты егер мемлекеттік басқару органдары кредиттеуге дайын болса ғана, бақылау жүзеге асырылуы мүмкін.

**Мемлекеттік
кәсіпорындардағы
факторларының
деректердің қолжетімділігіне қарай қазіргі
уақытта Ұлттық Банк Қазақстан
Республикасының КАМС сыртқы
борышының статистикасын қалыптастыру
мақсатында мемлекеттік бақылаудың
корпорациялар ретінде мемлекеттік
басқару және ақша-кредиттік реттеу
органдары капиталына тікелей және
жанама қатысуы 50%-дан асатын
(бақылаудың бірінші факторы) үйымдарды
қарастыруды.**

Осы тәсіл бюджеттік тәуекелдер контекстінде ерекше болып табылмайды, бақылаудың басқа факторларының сипаттамаларына жауап беретін кәсіпорындарды КАМС статистикасымен қамтуын кеңейту үшін Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірлесе жұмыс істеуі қажет. Ұлттық бюджет жүйесінің тәуекелдерін ескере отырып, халықаралық әдіснаманы бағдарға ала отырып, мемлекеттің тікелей және жанама қатысы бар корпорацияларды анағұрлым терең талдау жүргізу тиіс, соның негізінде КАМС қамту кеңейтілуі ықтимал.

қатысатын
бақылау
бойынша

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КАМС сыртқы борышы

Ұлттық Банк жариялайтын КАМС сыртқы борышының статистикасында миналар ескеріледі:

- сыртқы мемлекеттік борыш;
- мемлекеттік басқару және ақша-кредитті реттеу органдары капиталына қатысуы 50%-дан астам тікелей иелік ететін үйымдардың сыртқы борышы (мемлекет бақылайтын үйымдардың сыртқы борышы);
- мемлекеттің кепілдігімен немесе кепілдемесімен қамтамасыз етілген сыртқы борыш.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КАМС-тың сыртқы борышы 35,8 млрд. АҚШ долларын (бұдан әрі – доллар), оның ішінде сыртқы мемлекеттік борыш – 12,9 млрд. долларды, мемлекет бақылайтын үйымдардың сыртқы борышы – 22,1 млрд. долларды, мемлекет кепілдік берілген сыртқы борыш – 0,8 млрд. долларды құрады.

Төменде 1-диаграммада КАМС сыртқы борышының тоқсан сайынғы серпіні 2014 жылдың үшінші тоқсанынан бастап қарыз алушылар секторлары

бөлісінде және фирмааралық берешекке келетін КАМС сыртқы борышы көрсетілген.

Қаржы құралдарының түрлері бойынша КАМС сыртқы борышының құрылымы 2-диаграммада көрсетілген. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КАМС сыртқы борышы негізінен борыштық бағалы қағаздар түрінде көрсетілгені – 14,9 млрд.доллар, сондай-ақ кредиттер және қарыздармен көрсетілгені – 20,0 млрд.доллар, қаржы құралдарының қалған түрлерінің үлесіне 0,86 млрд.доллар келеді.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КАМС барлық сыртқы борышының 93%-ы тиесілі КАМС негізгі кредиторлары Ұлыбритания (16,8 млрд.долл.), халықаралық үйымдар (8,9 млрд.долл.), Қытай (3,9 млрд.долл.), Нидерланд (3,0 млрд.долл.) және Жапония (0,7 млрд.долл.) болып табылады.


Ұлыбританияның жоғарғы үлесі мемлекеттік сектор әмитенттерінің борыштық бағалы қағаздарын негізгі номиналды ұстаушыларды осы елде тіркелуіне байланысты орын алғып отыр. Халықаралық үйымдардан Қазақстандағы ірі инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін қаражат тартылған. Қытай алдындағы сыртқы берешек, негізінен, экспорттық-импорттық қаржыландыруға, сондай-ақ көлік инфрақұрылымын дамыту және су электр станциясының құрылышы бойынша жобаларды жүзеге асыруға арналған қарыздарды игеруге байланысты болды. Капиталдың халықаралық нарықтарында қазақстанның банктер мен ірі кәсіпорындардың қаражат тартуы көбінесе үlestes кәсіпорындар, сондай-ақ Нидерландта тіркелген арнайы мақсаттағы кәсіпорындар арқылы жүзеге асырылады, сондықтан осы елдің үлес салмағы соңғы жылда өсіп кетті.

Кредиторлар секторына келетін болсақ, КАМС сыртқы борышының жартысынан астамын (51,5%) бейрезиденттердің басқа секторлары, 25,0%-ын - халықаралық үйымдар, 22,1%-ын - шетелдік банктер берген.

1-диаграмма. КАМС сыртқы борышының серпіні (млрд.АҚШ доллары)




2-диаграмма. Құралдар бойынша КММС сыртқы борышы



- Карыз аудың арнайы құқықтары
- Қолма-қол валюта мен депозиттер
- Борыштық бағалы қағаздар
- Кредиттер мен қарыздар
- Сауда кредиттері мен аванстар
- Басқа да міндеттемелер

3-диаграмма. Негізгі кредитор елдер бойынша КАМС сыртқы борышы



- Ұлыбритания
- Халықаралық үйымдар
- Қытай
- Нидерланд
- Жапония
- Басқа елдер

Резиденттердің экономикалық қызметті түрлөрі бойынша 90,9% сыртқы міндеттемелерді резиденттер мынадай салалардан тартты: 33,9% КАМС сыртқы борышы «Мемлекеттік басқару және қорғаныс» саласына, 29,0%-ы «Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет» саласына, «Қаржы және сақтандыру қызметі» - 18,1%, «Көлік және сақтау» 9,8% (4-диаграмма).


2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша КАМС сыртқы борышының басым бөлігі (96,1%) шетел валютасымен көрсетілген, оның ішінде АҚШ долларымен - 92,3%, еуромен - 3,4%, жапон иенасымен - 1,5%, СДР-мен - 1,4% және басқа валюталардың үлесі 1,3% болды.

Бастапқы мерзім бойынша барлық КАМС сыртқы борышының 98,5%-ы ұзақмерзімді, 1,5%-ы қысқамерзімді сипатқа ие, бірақ, өтеу мерзімдері бойынша қысқамерзімді борыштың үлесі 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10% құрады.

2016 жылдың соңындағы жағдай бойынша КАМС сыртқы борышы бойынша 2017 жылғы борышқа қызмет көрсету төлемдері бойынша 5,1 млрд. доллар (негізгі борышқа – 3,7 млрд. доллар және пайыздар – 1,4 млрд. доллар), 2018 жылғы – 5,7 млрд. доллар (оның ішінде негізгі борышқа – 4,5 млрд. доллар, пайыздар – 1,2 млрд. доллар) тиесілі.

КАМС сыртқы берешегінің деңгейін сапалы бағалау мақсатында экономикалық және саяси жағдайлары ұқсас елдердің, атап айтқанда Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше елдердің сыртқы борыштарының абсолюттік және салыстырмалы мәнін салыстыру орынды (5-диаграмма).

4-диаграмма. КАМС сыртқы борышының салалық құрылымы



- Мемлекеттік басқару және қорғаныс
- Қаржы және сақтандыру қызмет
- Өндөу өнеркәсіби
- Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет
- Көлік және қоимада сақтау
- Басқа салалар

5-диаграмма. ЕАӘЫ елдерінің сыртқы борышы (млрд. АҚШ долл.)



ЕАӘЫ-ға мүше елдердің сыртқы борышының жартысынан астамы, Қазақстанды есептемегендеге, КАМС-тың сыртқы борышы алып отыр. Бұл ЕАӘЫ-ға мүше елдерде өтелу мерзімі ұзақ және технологиялық түрғыдан күрделі жобаларды қаржыландырудың ішкі көздерінің жоқтығымен байланысты. Тиісінше, қаржы халықаралық капитал нарықтарында тартылады, бұл ретте, шетелдік инвесторлар үшін мемлекеттік секторға немесе мемлекеттің қатысуы бар үйымдарға жататын қарыз алушылар неғұрлым тартымды болып табылады.

Бұл ретте, Қырғызстан Республикасы мен Армения Республикасы мемлекеттің бақылауындағы үйымдардың сыртқы борышы бойынша статистиканы жарияламайды. Алайда, аталған елдердегі тікелей сыртқы мемлекеттік борыштың деңгейі орташа есеппен алғанда 50%-дан асады. Қазақстанға қатысты алсақ, сыртқы борыштың жартысынан астамы борыштың тұрақтылық түрғысынан тәуекелі неғұрлым аз болатын фирмадаралық берешек құрайды.